

"Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы № 826 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 20 қарашадағы № 399 Жарлығы.

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы № 826 Жарлығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жыл сайын 15 қаңтарға дейін:

жылына бір рет әр ауданда және облыстық маңызы бар қалада облыс әкімінің кемінде бір көшпелі кездесуін;

жылына бір рет қаланың әр ауданында республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің кемінде бір көшпелі кездесуін;

жарты жылда бір рет әр ауылда, кентте, ауылдық округте, аудандық маңызы бар қалада аудан әкімінің кемінде бір көшпелі кездесуін;

жарты жылда бір рет әр ауданда (шағын ауданда), ауылда, қаланың, ауылдық округтің құрамына кіретін кентте облыстық және аудандық маңызы бар қала, ауылдық округ әкімінің кемінде бір көшпелі кездесуін;

жарты жылда бір рет ауыл, кент, қаладағы аудан әкімінің кемінде бір кездесуін өткізу көзделген әкімдердің халықпен кездесуінің икемді жылдық күнтізбесін (бұдан әрі - күнтізбе) әзірлеп, оны мәслихатты хабардар ете отырып бекітіп отырсын.

Қажет болған жағдайда мәслихатты кейіннен хабардар ете отырып, күнтізбені түзетуге жол беріледі;"

2. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ. ТОҚАЕВ